

М. М.



АСТАНА ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

ЕГЕМЕН
ҚАЗАҚСТАН

ЕЛОРДА



БАС ҚАЛА

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

Елдің елдігін, мемлекеттің мәртебесін айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдар тарих толқынында шындалып, уақыт тезіне төтеп беретін дәрежеге көтерілу арқылы қалыптасады. Айталық, мемлекеттік рәміздер - Туы, Елтаңбасы, Гимні - бір сөтте ғайыптан пайда бола қалған жоқ, сан ғасырларды артта қалдырып орнықты. Бұлар - мемлекеттің кешегісін, бүгінін және ертеңін, тартқан көшің елестетумен қатар азаматтарына сасқанда - сабыр, қиналғанда - сенім, жол таппай әбіржігенде ақыл қосатын қасиетті де құдіретті күштер. Міне, осындай баға жетпес байлықтың бірегейі мемлекеттің астанасы екені әркімге мәлім болса керек.

Мемлекеттің астанасын әспеттеу, оған айрықша мәртебе беру ықылым заманнан келе жатқан дәстүр. Италияндықтар: “Барлық жолдар Римге әкеледі”, десе, француздар: “Данышпандар провинцияда туып, Парижде көз жұмады”, дейді, ал орыстар: “Мәскеу бірден салына қалған жоқ” дегенді айтады. Арғы атамыз ер түріктер де елорданың қадір-қасиетін жазбай таныған. Күлтегін ескерткішінде байырғы түркілердің күт мекені Өтүкен ерекше ықыласпен ауызға алынады. “Түрік қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ”, деп жазылған ескерткіштің кіші жазуында. “Елді ұстайтын жер осы Өтүкен қойнауы еді”, деген жолдарды да оқуға болады сол кіші жазудан. Кіші жазудағы Өтүкенге қатысты соңғы ойтолғау жантебіренерлік: “Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігінді сақтайсың сен. Сонда түркі халқы тоқ”. Байырғы түркілердің мұрагері — қазақ халқы негізінен көшпелі шаруашылық-мәдени типті ұстанғанмен, елордасын ардақтап, мәртебелеуде ешкімнен кенже қалған емес. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек сұлтандар алғашқыда Шу бойына Ордасын тіккенмен, қым-қиғаш тартыстардан кейін XVI ғасырдың аяғынан XVIII ғасырдың басына дейін еліміздің астанасы ретінде екі қала - Түркістан мен Ташкент Отан тарихында айрықша орын алды. Тіпті әр жүздің кіші хандары пайда болғанда да хандықтың орталығы саяси-әкімшілік құрылым ретінде көзге түсетін. Бұқар жыраудың

мұрасынан жеткен мына толғау соның айғағы екені күмәнсіз:

Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт,
Мамырасып, ел болып,
Байсалды жайлау табылды,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.

Қазақ елі Ресейге бодан болғаннан соң да осынау дәстүр жалғаса берді. Айталық, Бөкей Ордасының ханы Жәңгір 1827 жылы өзінің ставкасын Нарын құмындағы Жасқұс деген жерге тігеді. Мұнда қысқа мерзім ішінде жүзге жуық ағаш үй салынып, алғашқы қазақ мектебі шаңырақ көтергені, 12 бидің басын қосқан Хан кеңесі мәжіліс құрғаны тарихтан белгілі.

Сөз орайы келіп тұрғанда айта кетейік, кейбір басылымдарда қазақ елінің ұзына тарихында мынаншама астанасы болған деген пайымдаулар төбе көрсетіп қалады. Менің ойымша, мәселе астаналардың санында емес. Мәселенің түйіні - қоғамдық санада, халықтың дүниетанымында астана, елорда ұғымының темірқазықтай орнығып қалғаны немесе қалмағанында. Біздің мемлекеттігіміздің тарихы, елтануымыздың бастауы тереңде жатқанын айғақтайтын өлшемдердің бірі — осы. Біз білетін арғы-бергі тарихта Елорда Хан Ордасы ретінде Тараз, Баласағұн, Сарайшық, Сығанақ, Түркістан, Қозыбасы аталады. Соңғы бір ғасырдың өзінде Қазақстан төртінші (Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана) астанаға көшіп отыр.

Қазақстан астаналарының отарлық және тоталитарлық кезеңдердегі тағдырына ойшолу жасағанда айрықша көзге түсетін екі ерекшелікті айтпай кетуге және болмайды. Олардың бірі хандық биліктің жойылуымен ХІХ ғ. басында елорда тарихының үзілуі, екіншісі кеңестік Қазақстан астаналары тағдырының Мәскеуде анықталып, шешілуі. Бірақ елордасы жайлы сана мен таным халық зердесіне мәңгілікке тоқылған еді.

1991 жылдың желтоқсанында азаттық таңы атысымен көп ұзамай қат-қабат міндеттер алдан шықса да жас мемлекеттің астанасы қайда болу керек деген сұрақтың күн тәртібіне қойылуы қиянатқа толы өткеннің өтеуін қайтару ғана емес, отанымыздың ырғақты дамуын қамтамасыз етуге пәрменді ықпал жасау үшін еді.

Елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясын көтерген де, оны жан-жақты негіздеген де, сонысымен қалың көпшіліктің қолдауына ие болған ұлы тұлға - Нұрсұлтан Назарбаев. Барша қазақстандықтарды елең еткізген ұсыныс алғаш рет 1994 жылы Президент аузымен айтылды. Іле-шала қолға алынған шаруалар, жүзеге асқан сан-салалы шаралар көзі қарақты оқырмандарға аян

гой деп ойлаймын. Оларға егжей-тегжейлі тоқтап жатпай-ақ, басты-басты дегендерін айтар болсақ, 1995 жылдың қыркүйегінде Президенттің “Қазақстан Республикасының астанасы туралы” жарлығы жарияланды. 1996 ж. Н. Назарбаевтың арнайы шешімімен Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті құрылды. 1997 жылы Алматыдан Ақмолаға мемлекеттік рәміздер – Ту мен Елтаңбасы жеткізілді, жаңа астана ресми түрде жарияланды. 1998 жылы Астананың тұсаукесер рәсімі өтіп, алыс және таяу шетелдерден келген мемлекет басшылары мен мәртебелі қонақтар адам сенгісіз қысқа мерзім ішінде Еуразия құрлығының қақ ортасында қазіргі үлгідегі шаһардың бой көтергеніне куә болып, қайран қалды.

Содан бері үш жылдан астам уақыт өтті. Тарих үшін қас қағым ғана сәт. Елордамызда жаңа ғимараттар, тұрғын үйлер, театрлар, спорт кешендері бой көтерді, кең даңғылдар мен көшелер қайта түледі, жүздеген мың жұмыс орындары ашылды. Астанамыз Қазақстанның жаңаруы мен жаңғыруының, жасаруы мен ғаламдануының символына айналды. Елорданың келбетіндегі оң өзгерістерді қуана қабылдай отырып, осының бәріне бас болып, жан бітірген, түп атасынан батыр туған Президентіміздің сұңғыла көрегендігі мен батылдығына қайран қалмасқа болмайды.

Жаңа астана терең тарихымызды оятып, елдің рухын көтерді, бұл ілгергі үміт пен келешек мүмкіндіктің көзін ашу үшін жасалған батыл қадам еді.

Біріншіден, жаңа астана ұмыт бола жаздаған Ата тарихымызды жаңғыртуда. Күлтегін жазуының жеткізілуі, қаланың іргесінен мыңжылдық шежіресі бар Ақжол кентінің ашылуы рухымызды бір серпілтіп тастаса, дала даналары Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге, Кенесары ханға, Абайға орнатылған ескерткіштер жүгенсіздіктен мәңгірттене жаздаған санамызды тазартуға тартқан асыл арнадай көрінеді. Ұлтжандылығы үшін жазықсыз оят болған Ә.Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов сынды алыптардың қайта оралуы, қуғын-сүргін құрбандарына бағышталған кесене бүгінгі ұрпақты өткеннің қателігін қайталамауға, азаттықтың көк байрағына қылау түсірмеуге шақырып тұрғандай.

Екіншіден, заманында халқымыздың үніндей болған Ғазиз, Құлтума, Балуан Шолақ, Иманжүсіп сынды тұлғаларды берген Қараөткел өңірі ұйқыдан оянған батырдай, мәдени-рухани әлеуетін бойына қайта жыя бастады. Кеңестік қасаң саясат ұлт зиялыларының шығармашылық тынысын тарылтып қоймай, республикамыздың аймақтарына тарала, тамырлана қалыптасуына кесе көлденең тұрғанын, әсіресе демографиялық тосқауылды жымысқылықпен пайдаланғанын көзімізбен көріп өскен ұрпақпыз.

Н. Назарбаевтың жаңа елордаға Астананы таңдауы қазақ мәдениеті мен ғылымына, әдебиеті мен өнеріне Асан қайғының Жерұйығын, Жошының Ұлытауын, Абылайдың Бұрабайын, Қазтуғанның Еділін қайта табыстырғаны. Опера және балет театрының, филармонияның, Қазақ Ұлттық Музыка академиясының ұйымдастырылуы рухани бағалануымыздың басы ғана. Президент қалаған бұл үрдіс қазақ халқын оқшауландыру мақсатымен емес, еліміздегі барша ұлттар мен этностарды жақындастыруға, бойындағы барын ортақ мүддеге жаратуға қызмет етуде. Осылайша Елорданың келбеті бұрынғы сыңаржақтылықтан арыла бастады. Бүгін жарты миллионға жуық астаналықтардың 52,7 % -і қазақтар, 33,4% -і орыстар, 4,3% -і украиндар, 2,3%-і немістер екен. Елордамызға қоныс тебушілер республиканың білікті мамандары. Олар сырттан келушілердің 58%-ін құрап отыр. Соңғы бір жылдың ішінде өзім басқарып отырған университетке 100-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары жұмысқа қабылданды. Қысқасы, Астанада рухани әлеуеттің берік іргетасы қаланды деп есептеймін.

Үшіншіден, тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өзінің жаңа Астанасын ешкімнің нұсқауынсыз, бөтеннің кеңесінсіз қапысыз таңдады. Бұрын Мәскеуге, қала берді Мәскеудің сөзін сөйлеп, сойылын соғатын жергілікті әкімшіл-әміршіл басшыларға жалтақкөз болып қалған қандастарымыз енді қоғамдық-саяси ахуалдың күрт өзгеретінін алғашқыда, әрине, көз алдарында елестете алған жоқ. Бірақ таң атпайын дегенмен күн қоя ма. Қалада бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тілге мойын бұра бастады, қазақ мектептерінің ауыр халі ашық айтылатын болды, Марксті - Кенесары, Ленинді - Абай, Жуковскийді - Бейсекбаев ығыстырғанда шекесінен қарайтындардың жүні жығылды. Самаладай нұрға толы көшелерде қара шашты, қара көзді жастар тобы жайнақтап, алшақ басып бара жатқанда ниеті бұзықтар күйінді, дос сүйсінді. Түптеп келгенде, Астанадағы психология, діл, демография, намыс, өмір салты түбегейлі өзгерді. Ол қазір елдің солтүстігін де, шығысы мен батысын да, орталықты да көктей бойлап кетті.

Жақсы ма, жаман ба, біраз жасқа жеттік. Соңғы жылдары тағдырым Астанаға ауды. Жас елорданың келбетінде уақыттың тынысы мен танымы, қуанышы мен реніші, арманы мен тағылымы арудың қос бұрымындай жарыса өріліп жатқанын көремін. Солардың ішінде мені айрықша толғандыратыны, тереңіне тартып, ертеңімізге нық сенім ұялататыны: бірі - биыл ашылған Отан қорғаушылар мемориалы, екіншісі — кірпіші енді қалана бастаған жаңа әкімшілік орталық. Бұлар толқымалы тарихымыз енді ғана тұрақтылық тапқан кезінде өзінің шуақты болашағымен

жүптасқандай әсер етеді. Ертеңгісін жұмысқа бара жатқанда, кешкісін жұмыстан қайтқанда Отан қорғаушылар мемориалының тұсынан өтемін. Қолым қалт еткенде мәңгі алаудың жылуына барғанды ұнатамын. Тәуелсіздігіміздің он жылдығына орайластыра ашылған мемориал Қарағандыдағы шеберханада сомдалып жатқан кезінде-ақ Президентіміздің көңілінен шыққан еді. Ескерткіштің әсерлілігі мен арқалап тұрған жүгі ерекше. Өйткені ол осыдан жиырма бес ғасыр бұрын шапқыншыларды Бетпақдалаға апарып, қырғынға ұшыратқан сақ жігіті Шырақтан тартып, 1986 жылдың аязды желтоқсанында жанын оққа байлаған Қайрат пен Байқоңырдан ғарышқа аттанатын Талғатқа дейінгі аралықтағы ерлерді, елі үшін қанын судай ағызып, түнде ұйықтамаған, күндіз отырмаған түркі ұрпақтарын сомдағандай көрінеді. Бұған қоса, Өмір, Отан деген қасиетті ұғымдарды айшықты бейнелеу үшін Ана образынан артық тұлға табу мүмкін емес. Мемориалдың негізгі идеясы Ана мүсінінде тиянақталған. Ана қолындағы асқа толы тостақ жаны жәннаттағы аруақтарға да, бүгінгі тірілерімізге де, болашақ ұрпақтарға да ұсынылған мол ырзық. Қазақ қоғамындағы Аналардың орны мен қадір-қасиетін осылай асқақтатқанда ғана перзенттік бір парыздың орындалғанын сезінесің. Ал сол Ананың суреткерлік бейнесі Астанада тұрғаны Елордамыздың аялы алақанға қонғанын білдіреді. Ләйім солай бола берсін.

Жаңа әкімшілік орталық Президент резиденциясымен басталып, “Қазақойл”, “Қазақтрансойл” ғимараттарымен тұйықталады екен. Президент сарайы ақыл-ойдың, даналықтың, кемелдіктің құтханасы болса, соңғы екі ғимарат асып-тасқан байлықтың көзі емес пе. Ендеше жаңа әкімшілік орталық мазмұндылығымен ғана емес, Астанамызға нұр беретін, елдігіміздің, мемлекеттігіміздің шығар шыңын әлемге әйгілейтін кешендер қатарының басы.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өзінің жаңа Астанасын таңдады. Еліміздің экономикасында жүзеге асқан реформалар да Елорда тұсаукесері өтісімен алғашқы оң нәтижелерін бере бастағаны жақсылықтың нышаны. Еуразиялық экономикалық одақтың Астанада тууы, Рим папасы Иоанн Павел II-нің 11 қыркүйек трагедиясынан кейін қазақ жеріне келіп, әлем мұсылмандары мен христиандарын сабырлық сабасына түсіруі жаңа Астанамыздың Қазақстанға ғана емес, барша адамзатқа құт-береке әкелетінін айтпай-ақ айғақтап тұр. Осындай берген дәулетті көтеріп тұруға жазсын деп тілейік.

Н.Назарбаев жарғақ құлағы жастыққа тимей әлемді шарлап күндіз-түні халқының қамында жүрген азамат. Күні кеше ғана байтақ даласы қара түнек қамауға айналған, қалың қазақтың тілі

байланған ұлы мекен енді тәуелсіз елдің құт-мекеніне, ырысты жеріне, ал оның аяулы астанасы әлем танып мойындаған қалаға айнала бастады. Астанадан әлемдік идеялар шыға бастады. Сондықтан да Астана тек Қазақстанның ғана емес, Еуразияның Астанасына айналсын деп тілейік.

Нұрсұлтан Назарбаев — арман қуған тұлға. Арман қуатыны - Назарбаевтың бүгінгідей күрделі кезеңдерде тек қазіргінің қам-қарекетінен қалып қоймай, алдағы асқар асуларға құлаш ұрып жүргенін, алаш азаматының арманын аласартпағанын білеміз, ешқашан аласартпайтынына сенеміз. Астана деген айшықты ат алған Арқадағы жаңа байтағымыз - соның бір мысалы.

Тәуелсіз Қазақстанның көк туы қазақтың қасиетті бір өңірі - Сарыарқаның қақ төсіне, тоғыз жолдың торабына тігілді. Дос сүйінді, дұшпан күйінді. Осы арқылы мынау алып даланың тарихи иесі бір халық - қазақ халқы екендігі, ол халық өзінің қолына бірнеше ғасырдан кейін қайта тиген тәуелсіздіктен енді ешқашан айырылмауға бекінгендігі, енді ешкімге де тілін, дінін, жерін қорлатып қоймайтыны айдай әлемге артық айқайсыз-ақ айшықты айтылды.

Ашығына көшейікші, осыдан алты жыл бұрын, дәл осы күні Президент астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыруды ұсынғанда жұрттың бәрі бірдей керемет қуанды, толық сенді, қолдады дей алмаймыз. Алғашында сенімсіздіктен қарағандардың қатарында өзім де болғанымды жасырмаймын. Бұл шешімнің қаншалықты көрегенділік екенін енді ғана сезініп, түсініп отырмыз көбіміз. Президент астана ауыстырудың саяси мән-маңызын халқынан жасырған жоқ. “Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін - аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дарқан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала - Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай болды.

Енді жағдай басқаша. Астананы даулау тұрмақ, астанаға көрші облыстардың жерін даулау дегеніміз де бүкіл әлем жұрты күлкіге айналдыратын далбаса болады да шығады” — Президент осылай айтқан. Бұдан артық қалай айтсын енді! Осындайларды айтқызбай ұқсақ қой, айтқызбасақ қой, шіркін...

Назарбаевтың мемлекет астанасын Арқа төсіне, қазақ жерінің нақ кіндігіне ауыстыруы ұлы идея екендігі, оның келешекте ел тағдыры үшін қандайлық керемет мәні болатындығы қазірдің өзінде айдан анық. Тәуелсіздіктің елең-алаңында, қазіргідей қысылтаяң шақта жасалған бұл қадамның барша қадір-қасиетін дана тарих, келешек кемел ұрпақ тиісінше бағалайтынына еш күмән жоқ.

Астана - Қазақстанның қандайлық ілгері де игілікті істерге қабілетті екенін айдай әлемге танытып отырған қала. Астана - қазақ халқының аңсап жеткен тәуелсіздікті ұстап қалуды, сақтап қалуды місе тұтпайтынын, сол тәуелсіздікті күн өткен сайын, жыл өткен сайын баяндырақ, берігірек ете түсуге бекінгенінің айқын айғағы. Тағы бір жан сүйсінтер жақсы жай - аяулы Алматының да Елбасының назарында ұдайы тұрғаны. “Бөріміздің де жастық дәуреніміз, дегендерімізге жетуіміз, кемелімізге келуіміз сол бір ғажайып қалаға етене байланысты, — деп тебіренген еді Президент жаңа астанамыздың тұсаукесер салтанатында сөйлеген сөзінде. — Жаңаша дәурендеуіміздің дәл бір осы шырайлы шағында, шапағатты сағаты мен мерейлі минуттерінде азаттығымыздың ақ құсын өз бауырынан аспандата самғатқан аялы Алматы мен әзіз Алатауға бөріміз де тікемізден тік тұрып, басымыз жерге жеткенше иіліп, қанша мәрте тағзым етсек те артықтығы жоқ деп білем. Дүние тұрғанша тұр, жәннат қалпыңнан жазбай, жасай бер, жайнай бер, қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс, мүбәрак мекен — Алматы!.. Биікке самғап, қиырды шарлау, заманнан қалмай зымырай заулау — мына біздерге өзің берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің тапсырған тарихи аманат!” бұған не қосып-аларсыз! Әрбір қазақтың жүрегінен шығар сөздер.

Өзі айтқандай, “биікке самғап, қиырды шарлау, заманнан қалмай зымырай заулау” — Елбасының басты мұраты. Сол жолда жарғақ құлағы жастыққа тимей, мемлекетті межелі жерге жеткізуге жанын салып бағып жатқанын жұрттың бәрі көріп отыр. Сол жолда тілек қосып отыру аздық етеді. Сол жолда бөріміз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірге әрекет етсек қана ісіміз берекелі болмақ.

14 желтоқсан 2001 жыл.